

## **Кәсіподақтың 2023 жылғы кәсіподақ мүшелерінің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайлары бойынша құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс қорытындысы туралы АҚПАРАТ**

Қазақстандық салалық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің кәсіптік одағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында еңбек заңнамасының міндеттерін іске асыру және нормаларын сақтау үшін мақсатты жұмыс жүргізуде.

Кәсіподақ органдарының алдында жұмыстың барлық мүмкін нысандары мен әдістері арқылы кәсіподақ мүшелерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сала қызметкерлері үшін қауіпсіз, салауатты және жайлы еңбек жағдайларына қол жеткізу міндеті қойылды.

2024 жылғы 1 қаңтарына білім беру ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі **8023** өндірістік кеңес жұмыс істейді (бұдан әрі - ЕҚЖЕҚ), оның ішінде кәсіподақтар бастамасымен **7918**. Өндірістік кеңес қызметін өзімен әзірленетін регламентке, жиынында қабылданатын және кәсіподақ органы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

Есепті жылы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қоғамдық негізде **8124** техникалық инспектор қызмет атқарып, **4320** тексеру жүзеге асырып, **1411** бұзушылықты анықтады.

Анықталған бұзушылықтар құрылымында жалпы санның басым үлесі қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша – **28,4% (401)**, ұжымдық және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету бойынша – **21% (295)** бұзушылықтар алады.

Есептердің деректеріне сәйкес, тексерулердің ең көп санын Атырау – **59,7% (843/423)**, Солтүстік Қазақстан - **52,9% (746)**, Павлодар - **26,5% (374/1411)** және Қарағанды - **23,2% (328/1411)** облыстық ұйымдарының техникалық инспекторлары жүзеге асырды.

Бастауыш кәсіподақ ұйымдарының барлық санынан *ЕҚЖЕҚ бойынша тексерулердің неғұрлым көп қамтылуы* Атырау - **1,9 есе (843/423)**, Солтүстік Қазақстан - **1,3 есе (746/559)**, Маңғыстау - **94,8% (310/327)**, Абай - **75,2% (304/404)**, Қарағанды - **73,1% (328/449)** және Павлодар - **63,8% (374/586)** облыстарықұрады.

Сонымен қатар, есептердің деректері бойынша техникалық инспекторлармен жүргізілетін тексерулермен ең төмен қамтылған «Қорғау» Қостанай облыстық ұйымының бастауыш кәсіподақ ұйымдарында – **9,4% (17/181)**, «Ұстаз» Алматы қалалық кәсіподағы - **9,5% (43/455)** және Шығыс Қазақстан облыстық ұйымы - **5% (75/538)** болып отыр.

Тексеру жиілігі төмен деңгейде қалып отыр. Мәселен, есепті жылы **8124** техникалық инспектор **4320** тексеру жүргізген, бұл жеткіліксіз екені анық.

Жоғарыда келтірілген деректер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің еңбекті қорғау жөніндегі техникалық

инспекторлармен ұйымдарда еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды тексеру жүргізу жөніндегі өз құқығын толық пайдаланбайтындығын көрсетеді.

Орталық Комитет пен мүшелік ұйымдар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстың тиімділігін одан әрі арттыру жөнінде шаралар қабылдауы қажет.

Талданып отырған жылы еңбек жағдайлары бойынша анықталған бұзушылықтардың барлық көлемінен **1222** бұзушылық жойылды. Жұмыс берушілерге ұйымдағы еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған **699** ұсыныс берілді.

Анықталған бұзушылықтардың негізгі бөлігінде қызметкерлерді жеке қорғаныс құралдарымен толық қамтамасыз етпеу, қауіпсіздік техникасы бойынша уақтылы нұсқаулықтардың болмауы сияқты бұзушылықтар басым бөлігін алады. Кәсіподақтың көптеген мүшелік ұйымдарында еңбек заңнамасының сақталуына кешенді және тақырыптық тексерулер жүргізу, содан кейін барлық деңгейдегі алқалы сайланбалы органдарда тексеру нәтижелерін қарау бойынша жұмыс жүйесі қалыптасты.

Өндірістік жарақаттарға қатысты жағдай күрделі күйінде қалып отыр. Егер, 2020 жылы сала бойынша өндірістегі жазатайым оқиғалардың жалпы саны **10** жағдайды құраса, 2021 жылы – **26**, 2022 жылы – **33**, ал өткен 2023 жылы – **24**. Жеңіл және ауыр нәтижемен-**18** (9 жағдайдан). Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар-**4** жағдай.

Өкінішке орай, ауыр зардаптармен *зардап шеккендер* саны 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы **11**-ге, *өліммен аяқталатын* өндірістік жарақат салдарынан **3**-тен **6**-ға дейін өсті.

Барлық жазатайым оқиғалардың ең көп саны 2023 жылы Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында-**5** жағдайдан, ал Қарағанды облысында - **3** жағдайдан тіркелді.

Біздің көзқарасымызда, өндірістік жарақаттанудың жоғары деңгейіне ықпал ететін негізгі себеп жұмыс берушілердің мемлекет пен ішкі бақылау тарапынан еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнама талаптарын орындауына тиісті бақылаудың болмауы Халықаралық еңбек ұйымының ұсынымдары бойынша еңбек инспекторлары функцияларын тиімді жүзеге асыруы үшін, олардың саны қызметкерлердің санына қатысты 10 мың қызметкерге 1 инспекторды құрауы тиіс, Қазақстанда бұл арақатынас 23 мың қызметкерге 1 инспекторды құрайды.

Ерекше назар кәсіподақтық оқытуға бөлінеді. Мүшелік ұйымдар 2023 жылы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша **437** оқыту семинарларын өткізді.

Орталық кәсіподақ комитеті (15 ақпан) жоғары оқу орындарының бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларымен екі күндік семинар-кеңес өткізді, онда Орталық комитеттің бас мамандары еңбекті қорғау, өндірістік кеңес қызметі тақырыптарын қозғады. Семинарға қатысушылар жоғары білім беру ұйымдарында еңбекті қорғау бойынша өзекті мәселелермен егжей-тегжейлі танысты. Кәсіпорындардағы еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік

жарақаттануға, еңбекті қорғау жөніндегі проблемалық мәселелерге және жұмыс берушінің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуін кәсіподақтық бақылауды ұйымдастыруға, Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуы бойынша қоғамдық бақылауға талдау жүргізілді.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінен арнайы шақырылған өкілі қатысушыларды Қазақстан Республикасының Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасымен хабардар етті.

ҚРКФ жариялаған «Қауіпсіз еңбек жылына» орайластырылған «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын іске асырудағы кәсіподақ органдарының міндеттері» тақырыбында салалық кәсіподақ техникалық инспекторларының өткізілген республикалық семинарын атап өту маңызды. Негізгі міндет-қызметкерлер үшін қауіпсіз еңбек ортасын қалыптастыру.

Семинар жұмысына Беларусь білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Т. Якубович, «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК бас директоры Ш.Абикенова, кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының төрағалары, құқықтық қызмет мамандары және білім беру ұйымдарының техникалық инспекторлары қатысты.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» атағына жыл сайын өткізілетін конкурс еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне оң әсерін тигізеді. Кәсіподақ құрылымдары арасында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды үздік ұйымдастыруға арналған республикалық байқау тұрақты өткізілетін мәртебеге ие болды. Республикалық конкурстың қорытындысы бойынша 1-топ бойынша жүлделі орындарды Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының, 2-топ бойынша Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстарының және Шымкент қаласының мүшелік ұйымдары иеленді.

Кәсіподақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша Кәсіподақ федерациясы өткізетін салааралық конкурстарға белсене қатысады және онда жүлделі орындарға ие болатынына тап өту керек.

Барлық деңгейдегі кәсіби органдардың бастамасы мен үлкен ұйымдастырушылық жұмысының арқасында көптеген ұйымдарда қауіпсіз еңбек Тұжырымдамасы, Лайықты еңбек жылын іске асыру шеңберінде өткізілетін іс-шаралар кеңінен жарияланады. Кәсіподақ ұйымдарының сайттарында орналастырылған ақпараттар, республикалық және өңірлік БАҚ көптеген жарияланымдар Кәсіподақтың барлық ұйымдары тарапынан еңбекті қорғау іс-шараларына ерекше назар бөлетініне дәлел болып табылады.

**Кәсіподақтың Орталық комитеті**  
**Аппаратының құқықтық жұмыс, ЕҚ және ЕҚ бөлімі**